

**Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы аумағындағы ауылдық округтер әкімдеріне кандидаттардың таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру және үй-жай орындарды анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 9 шілдедегі N 167 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 шілдеде N 2323 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 6 қыркүйектегі N 244 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 06.09.2013 N 244 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңның 28-бабының 4, 6-тармақтарына, 27-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату Қағидаларының 29-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы аумағындағы ауылдық округтер әкімдеріне барлық кандидаттар үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Тимирязев селосындағы Мәдениет үйі алдындағы алаңдағы стенд: Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев селосы, Жеңіс көшесі, № 11 үй мекенжайы бойынша белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы аумағындағы ауылдық округтер әкімдеріне барлық кандидаттар таңдаушылармен кездесу өткізу үшін келісім шарт негізінде үй-жай ретінде: Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев селосы, Жеңіс көшесі, № 11 үй, екінші қабат мекенжайы бойынша орналасқан орталық аудандық кітапхананың оқу бөлмесі ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Ә.К. Мырзалынаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 23 шілдеден бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тимирязев ауданының әкімі Е. Базарханов  
«КЕЛІСІЛДІ»

Тимирязев аудандық сайлау  
комиссиясының төрайымы Ж. Макенова  
2013 жылғы 9 шілде